


C-C - байланысы бойынша ыдыраудан көрі, бұл жол энергетикалық тұрғыдан тиімді.

Арендердің шығымын арттырғанда циклоалкендер циклоалкандардан гөрі жылдам крекингтеленеді.

Арендердің шығымы циклогександардың түрлену өнімдерінің 25%-ына және одан жоғары мәнге жетеді, ал циклоалкендерді крекингтеу газдарында алкандарды крекингтеу газдарымен салыстырғанда сутектің мөлшері жоғары болады.

Сонымен қатар циклогександардың циклопентандарға изомерленуі және керісінше болуы байқалады:



Циклопентандар каталитикалық крекинг жағдайында циклогександардан өте тұрақты. Циклоалкан молекуласындағы ұзын бүйірлі тізбектер болса бүйірлі тізбектің изомерленуі және молекуланың деалкилденуі мүмкін.

Бициклдік циклоалкандар моноциклоділерден гөрі жоғары дәрежеде ароматтанады. Декалинді каталитикалық крекингтегенде (500°C), арендердің шығымы, түрленген декалиннің шамамен 33%-ын құрайды. Тетралинді дәл сондай жағдайда крекингтесе одан да көп ароматтық қосылыстар (87,6%) түзіледі.

Алкендерді каталитикалық крекингтеу. Мұнайлы фракцияларда алкендер болмайды, бірақ алкандарды және циклоалкандарды термиялық ыдыратқанда түзіледі және олардың термокаталитикалық түрлену процесінде соңғы өнімдердің құрамын анықтайды. Сондықтан каталитикалық крекинг жағдайында алкендердің каталитикалық түрлену заңдылықтары қызықтыратын нәрсе.

Алкендерді каталитикалық крекингтеу жылдамдығы сәйкесті алкандарды крекингтеу жылдамдығынан 2-3 (реттілікті) саты жоғары, ол карбенийлік иондардың алкендерден жеңіл түзілетінімен түсіндіріледі.